

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

ҚазҰӨУ ОӘК отырысында
қарастырылып келісілген
№ хаттама «___» _____ 2024 ж.

**Мәдениет және өнер бағытындағы оқу орындары оқытушылары мен
мекеме қызметкерлеріне арналған
біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасының
ЖОБАСЫ**

**«ТАҚЫРЫБЫ»: «Домбыра мамандығы бойынша әдістемелік
мәселелерді игеру жолдары»**

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР:
Профессор Тоқтаған А.Е.,
PhD Тоқтаған А.А.

Астана – 2024

1 Бөлім. Жалпы ереже

Дәстүрлі күйшілер тәрбиелеуде қазақ өнері қайраткерлерінің алдында үлкен міндеттер тұр. Соның бірі толығымен ұлттық мүддеге бағындырылған, ұлттық рухтағы халықтық педагогикаға негізделген бағдарлама. Күйші-домбырашы маманын дайындау үшін ұсынылып отырған бұл бағдарлама қазақ күй өнерін және олардың түрлі мектептерін толық меңгеріп дәстүрлі қалпын сақтай отырып тартатын шебер орындаушы дайындауға бағытталған.

«Домбыра мамандығы бойынша әдістемелік мәселелерді игерудің жолдары» атты біліктілікті арттыру бағдарламасы барысында (бұдан әрі – Бағдарлама) бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беру ұйымдарының оқытушыларына, сондай-ақ қосымша білім беру ұйымдарының (балалар музыка мектептері, өнер мектептері, оқушылар сарайлары мен мәдениет үйлері, балалар ұйымдары, студиялар, клубтар, білім беру және мәдени-әлеуметтік профильдегі мекемелер) жетекшілеріне оқытылады.

Музыкалық колледждер мен университеттер домбырашыны кәсіби ұстаз ретінде дайындауға ерекше назар аударады, өйткені түлектердің көбі өзінің қызметтік жолын осы өнер және мәдениет оқу орындарында жұмыс істеп бастайды. Бұл Бағдарлама ұлттық рухтағы халықтық педагогикаға негізделген және дәстүрлі күйшілер тәрбиелеуде бұрын алынған дағдыларды қайталау және тереңдету арқылы домбырашылардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

Бағдарлама білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты ескере отырып әзірленді. Оның негізгі аспектілері келесідей:

- *Сапалы білім:* Ел дамуының жаңа бағытын жүзеге асыру үшін адами капиталды дамыту, ұлттық басымдықтардың бірі ретінде сапалы білім беру қамтамасыз етіледі.
- *Сапалы білімге қолжетімділік:* Тұрғылықты жері мен әлеуметтік жағдайына қарамастан, барлық адамдардың сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету.
- *Мұғалім рөлінің маңыздылығы:* Мұғалімдердің жоғары сапалы кәсіби дамуын қамтамасыз ету, олардың өмір бойы біліктілік пен дағдыны үздіксіз жетілдіруге ұмтылуын қолдау. Бұл мақсатта біліктілікті арттыру курстары мен тәжірибелік сабақтар ұйымдастырылады.

Бұл бағдарламаның **өзектілігі** бүгінгі таңда қазақ өнерінің дәстүрлі орындаушылық мектебін сақтап, оны жаңа буынға жеткізу қажеттілігінен туындайды. Қазақ күй өнері – терең тарихи және мәдени мәні бар, ұлттың рухани байлығын айқындайтын маңызды мұра. Алайда қазіргі уақытта домбырашы мамандарын даярлау барысында дәстүрлі термин, ұғымдардың ұмытылуы, күйшілік өнердің қалыптасқан басқа да көптеген дәстүрлерінің жоғалуы секілді мәселелер байқалады. Осы орайда, «Домбыра мамандығы бойынша әдістемелік мәселелерді игерудің жолдары» атты біліктілікті арттыру бағдарламасы ұлттық мәдениеттің сақталуы мен дамуы үшін аса маңызды.

Бағдарлама арқылы ұлттық мүдде мен халықтық педагогика негізінде домбырашы мамандарын кәсіби деңгейде тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Бұл

тек қана музыкалық білім мен дағдыларды меңгеру емес, сонымен қатар ұлттық өнердің мәнін терең түсіну және оны қазіргі заманға сай шеберлікпен жеткізу мәселесі. Сонымен бірге, аталмыш бағдарлама арқылы музыкалық білім беру жүйесінде дәстүрлі күйшілерді тәрбиелеудің тиімді жолдары қарастырылып, оқу орындарында білікті ұстаздарды даярлау қолға алынып отыр.

Осы бағдарлама домбырашы мамандарын кәсіби ұстаз ретінде дайындауға ерекше назар аударуы арқылы, өнер және мәдениет саласындағы жаңа буын ұстаздарына ұлттық мұраны сақтай отырып, педагогикалық әдістемелерді меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде, қазақ күй өнерін дамытуға ықпал етіп, болашақта ұлттың мәдениеті мен өнерін әлемге танытуға септігін тигізеді.

2 Бөлім. Глоссарий

Домбыраның дәстүрлі бұраулары:

Оң бұрау – қазіргі тілде кварта бұрауы (ре - соль)

Теріс бұрау – қазіргі түсініктегі квинта бұрау (до - соль)

Қалыс бұрау – қазіргі түсініктегі терция бұрау (ми - соль)

Шалыс бұрау – қазіргі түсініктегі секунда бұрау (фа - соль)

Тел бұрау (егіз бұрау) – бұл қазіргі түсініктегі прима бұрау (соль - соль)

Домбырадағы пернелердің дәстүрлі атаулары:

Қашаған перне – ми-фа си-до ноталарының арасында жүретін қашаған дыбыс.

Шыңырау перне немесе табалдырық перне – екінші сағадағы ең соңғы «ре» пернесі.

Кәдесіз перне – шыңырау перне мен табалдырық перненің арасындағы жартылай ырғақ «до диез» кәдесіз перне деп аталады.

Оймауыт перне – бұл белгілі бір пернелердің арасындағы сағаның ағашын саусақтың басы сиятындай етіп шұқырлап ою арқылы жасалатын перне. Қашаған пернеден де кіші, микроинтонацияны, шамамен сегізден бір немесе он екіден бір тонды беретін перне.

Домбырадағы тартыстың түрлері:

Сүре тартыс – орындаушылық шеберлік күйдің санына байланысты сыналады.

Түре тартыс – орындаушылық шеберлік күйдің тереңдігіне байланысты сыналады.

Есер тартыс - қазіргі музыкалық каламбур.

Домбырадағы интервалдар (аралықтар):

Қаз табан – қазіргі квартаға пара пар.

Бөрі табан – қазіргі квинтаға пара пар

Байтақ – секстадан октаваға дейінгі аралықтарды белгілейтін сөз.

Ішек тербеудің түрлері:

Дірдек - ішекті механикалық түрде тербеу.

Қиғаш көбе немесе кесе тербеу – шеберлікке жеткенде пайда болатын машық.

Тайғанақ көбе немесе сауып тарту - домбырашының шеберлігі биік өреге жеткен кезде пайда болатын машық, қазіргі глиссандо тәсілінің аса қысқа түрі деуге болады.

Күйдің түрлері:

Қоңыр күйлер - қазіргі минорлық күйлер (кіші және бірінші октаваның «ля-ре» бұрауы).

Алқоңыр күйлер - қазіргі мажорлық әуендер.

Шыңылтыр бұрау – қазіргі бірінші октаваның ре-соль бұрауы

Буынды күйлер - бір әуенді қайталау арқылы жасалады.

Буынсыз күйлерде - қайталау болмайды.

Буын – қазіргі біз қолданып жүрген «периодке» тең.

Айшық – біз қолданып жүрген «предложению» тең.

Бұрма – «фразаға» тең.

Иірім – қазіргі музыкалық мотив.

Домбырадағы қағыстардың дәстүлі атаулары:

Тентек қағыс – Құрманғазы дәстүріндегі кейінгі шәкірті Дина дамытқан кең шеңберлі қағыс.

Төре қағыс – ішектің екі жағынан аса алыс кетпейтін қағыс.

Сүйретпе қағыс – Абылдан келе жатқан бұл қағыс күйлердің динамикалық жақтарын аса жандандырады, әсіресе ол шартты бөлуден жұпты бөлінген дыбыстарға ауысқанда соңғылардың үлкен айырмасын көрсетеді.

Шұбыртпа қағыс – бес саусақты кезегімен жоғарылы төмен сілтеген қағыс.

Сипай қағыс – саусақтың ұшымен жанап өтетін қағыс.

Сұқпа күй – ортаңғы және сұқ саусақтармен қатар шерту әдісі.

Ілме күй – ішекті сұқ саусақпен жоғары қарай іліп шерту қағысы.

Жап та қымта күй – бұл күй тек сол қолмен орындалады – ашық ішектердің үні шығарылған соң перне басылады.

Саулама қағыс – мұнда ішектер төрт саусақпен төмен қағылады да бес саусақпен жоғары қағылады.

Шәлдіріш қағыс – төрт саусақпен екі рет төмен, бас бармақпен және сұқ саусақпен жоғары қағу.

Іілме қағыс – бүкіл қолды домбыраның шанағы мен мойны үстінен үйіре қағу.

Тырнама қағыс – төрт саусақпен домбыраның бетінен тырнағандай етіп күштеп қағу.

Шашырама қағыс – төрт саусақты ішектерге тиер тимес етіп жеңіл қағу.

Тіреп қағыс – ішектерді қағып қалып оң қолымен баса қалу.

Біркелкі қағыс – ішектің бір тұсынан ғана қағу.

Орама қағыс – бір рет төмен және бірнеше рет жоғары қағу.

Алма-кезек қағыс – жоғары-төмен кезекпен қағу.

Шапқын қағыс немесе толқындама қағыс – бас бармақпен бірнеше рет жоғары қағу.

3 Бөлім. Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары

№	Модуль және тақырып атауы	Барлық сағат саны	Академиялық сағаттар		
			Теориялық/практикалық сабақтар	ТӨЖ	ТӨЖ тексеру
1	<p>Модуль 1. Қазақ күй мәдениеті туралы қысқаша түсінік</p> <p>1. Күй жанры және осы тақырыптағы ғалымдардың зерттеулері; күйдің пайда болу тарихы.</p> <p>2. Қазақтың аспаптық музыкасы; «күй», «домбыра» сөздерінің этимологиясы. Домбыра аспабы мен домбыра күйінің генезисі</p>	9	3	5	1
2	<p>Модуль 2. Қазақ күй мәдениеті туралы қысқаша түсінік.</p> <p>1. Музыкалық терминология мәселелері; Пернелер атаулары; Перне байлаудың тиімді тәсілдері; Тартыс түрлері.</p> <p>2. Сол қол позицияларының атаулары; Ішекті тербеудің түрлері; Қоңыр және алқоңыр күйлер; Күйдің екі түрлі композициялық құрылымы. Күйдің ішкі құрылысына байланысты терминологияға түсініктеме беру.</p>	11	5	5	1
3	<p>Модуль 3. Домбырашылық өнердегі оң қол қағыстарының дәстүрлі атаулары</p> <p>1. Халықтық терминологияға, соның ішінде оң қол қағыстары</p>	13	3	9	1

	атауларына қатысты ғылыми-зерттеушілік еңбектер 2.«Қара қағыс» және одан шығатын орындаушылық қағыстардың түрлері				
4	Модуль 4. Домбыра өнеріндегі сол қол саусақ кестесінің аймақаралық ерекшеліктері 1.Саусақтардың байырғы атаулары 2.Сол қол саусақ кестесінің аймақтық ерекшеліктерді сақтап үйретудің тиімді жолдары	14	3	9	2
5	Модуль 5. Күй аңыздарын және күй атауларын талдау тәжірибесі 1.Қазақ зерттеушілігінде орын алған тұтастай идеологияланған талдау методикасы жайында 2. Қазіргі кезде күй сырын (аңызы мен атауын) талдаудың тиімді жолы	9	5	3	1
6	Модуль 6. Қазақ даласындағы дәстүрлі орындаушылық мектептер 1.А.Жұбанов бойынша дәстүрлі орындаушылық мектептер ерекшеліктері 2.Кейінгі кезде қалыптасқан дәстүрлі мектептердің орындаушылық ерекшеліктері	13	8	4	1

7	Модуль 7. Берілген материалды жолындағы оқытушылардың өзіндік ізденістері мен практикасы	11	5	5	1
	Барлығы:	80	32	40	8

4 Бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері мен күтілетін нәтижелері

Курс мақсаты: Қазақ күй мәдениеті мен домбырашылық өнерінің теориялық және практикалық аспектілерін меңгеру арқылы оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, ұлттық музыкалық дәстүрлерді насихаттау және мәдени мұраны сақтау.

Міндеттері:

- **кәсіби білімді арттыру:** қазақ күй мәдениеті мен музыка теориясындағы дәстүрлі ұғымдарды тереңдетіп, оқытушылардың білімін жаңарту.
- **практикалық дағдыларды дамыту:** оң және сол қол техникалары, сондай-ақ домбыра өнеріндегі аймақаралық ерекшеліктерді меңгеру;
- **тарихи және мәдени контексті түсіну:** күй аңыздары мен атауларының мәдени маңызын талдай отырып, ұлттық музыкалық мәдениеттің терең тамырларын таныстыру.
- **дәстүрлі орындаушылық мектептерді зерттеу:** қазақ даласындағы дәстүрлі орындаушылық мектептерді танып-біліп, олардың ерекшеліктері мен даму тарихын зерттеу.
- **оқытушылардың өзіндік ізденістерін қолдау:** оқытушылардың шығармашылық ізденістерін, педагогикалық тәжірибесін және оқу-әдістемелік жұмысын дамыту.
- **кәсіби қауымдасстықты қалыптастыру:** оқытушылар арасында тәжірибе алмасу мен кәсіби байланыстарды нығайту.
- **ұлттық мәдениетті насихаттау:** қазақ күйін зерттеу, оның маңызын түсіндіру және жастар арасында насихаттау арқылы ұлттық мәдениетті дамыту.

Күтілетін нәтижелері:

- Теориялық білім: қатысушылар қазақ күй мәдениеті мен музыкалық теория туралы терең білім алады;
- практикалық дағдылар: оң және сол қол техникаларын меңгеріп, домбыра өнеріндегі түрлі аймақаралық әдістерді игереді;
- креативті талдау: күй аңыздары мен атауларын талдау арқылы музыкалық шығармаларды тереңірек түсінеді;
- зерттеу және оқыту: дәстүрлі орындаушылық мектептер туралы ақпарат жинақтап, кәсіби дамуына ықпал етеді;

- мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық: оқытушылар арасында тәжірибе алмасу мен кәсіби байланыстарды нығайтады.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы:

- Оқыту нәтижелері: Бағдарлама қатысушылардың кәсіби құзыреттілігін арттырып, домбыра өнері мен күй мәдениетінің терең білімін игеруге мүмкіндік береді. Бұл білім мұғалімдердің сабақ беру тәжірибесіне тікелей әсер етеді, олар ұлттық музыкалық мәдениетті тиімді түрде насихаттай алады.

- Тәжірибелік дағдылар: Практикалық сабақтар мен шеберлік сыныптары арқылы мұғалімдер өздерінің орындаушылық және оқыту дағдыларын жетілдіреді, бұл оқытушылармен жұмыста нәтиже береді.

- Мәдени мұраны сақтау: Оқытушылар ұлттық музыкалық дәстүрлерді зерттеп, жастар арасында насихаттай отырып, қазақ мәдениетінің сақталуына үлес қосады.

Осылайша, бағдарлама ұлттық мәдениетті дамытуға, оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға және жастарға сапалы музыкалық білім беруге бағытталған.

5 Бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Модуль 1. Қазақ күй мәдениеті туралы қысқаша түсінік.

Модуль 2. Қазақтың музыка мәдениетінде қалыптасқан дәстүрлі теориялық ұғымдар.

Модуль 3. Домбырашылық өнердегі оң қол қағыстарының дәстүрлі атаулары.

Модуль 4. Домбыра өнеріндегі сол қол саусақ кестесінің аймақаралық ерекшеліктері.

Модуль 5. Күй аңыздарын және күй атауларын талдау тәжірибесі.

Модуль 6. Қазақ даласындағы дәстүрлі орындаушылық мектептер.

Модуль 7. Берілген материалды игеру жолындағы оқытушылардың өзіндік ізденістері мен практикасы.

Модуль 1: Қазақ күй мәдениеті туралы қысқаша түсінік – қатысушылар қазақ күйінің тарихы, мәні мен маңызын түсініп, оның мәдениеттегі орнына көзқарас қалыптастырады.

Модуль 2: Қазақтың музыка мәдениетінде қалыптасқан дәстүрлі теориялық ұғымдар – қазақ музыкасының теориялық негіздері мен терминологиясымен танысу, ұлттық музыкалық құрылымдардың ерекшеліктерін меңгеру.

Модуль 3: Домбырашылық өнердегі оң қол қағыстарының дәстүрлі атаулары – оң қол қағыстарының техникаларын игеру, олардың атаулары мен қолдану әдістерін түсіну.

Модуль 4: Домбыра өнеріндегі сол қол саусақ кестесінің аймақаралық ерекшеліктері – аймақаралық ерекшеліктерді зерттеу, сол қол саусақ кестесінің қолдану әдістерін салыстыру.

Модуль 5: Күй аңыздарын және күй атауларын талдау тәжірибесі – күй аңыздары мен атауларының мәдени маңызын талдау, күй шығармаларының мәнін түсіну.

Модуль 6: Қазақ даласындағы дәстүрлі орындаушылық мектептер – дәстүрлі орындаушылық мектептердің ерекшеліктерін, олардың тарихы мен әсерін зерттеу.

Модуль 7: Берілген материалды игеру жолындағы оқытушылардың өзіндік ізденістері мен практикасы – оқытушылардың кәсіби дамуына арналған ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру, тәжірибелік сабақтар мен зерттеулер жүргізу.

Бағдарлама міндеті:

Бағдарлама міндеті – қатысушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыра отырып, қазақ күй мәдениетін тереңірек зерттеп, домбыра өнерін дамыту, ұлттық мәдениетті тереңдетіп, теоретикалық білімді кеңейту, орындаушылық техникаларды меңгеру және дәстүрлі музыка мәдениетін насихаттау арқылы қазақ күй мәдениетінің дамуына үлес қосу.

Білім алушы біліктілікті арттыру курсына аяқтағаннан кейін оқытудан күтілетін нәтижелер:

білу:

- қазақ күйінің тарихын білу, мәні мен маңызын түсініп, оның мәдениеттегі орнына көзқарас қалыптастыра білу;
- қазақ музыкасының теориялық негіздері мен терминологиясымен танысып білу;
- күй шығармаларының мәнін түсіне білу.

пайдалана білу (істей алу):

- ұлттық музыкалық құрылымдардың ерекшеліктерін меңгеріп, іс жүзінде қолдана білу;
- оң қол қағыстарының техникаларын игеру, олардың атаулары мен қолдану әдістерін түсініп оқыту барысында пайдалана алу;
- аймақаралық ерекшеліктерді зерттеп, сол ерекшеліктерді білім алушының күй орындау барысында сақтауын қадағалап үйретуді жүзеге асыра алу;
- сол қол саусақ кестесінің қолдану әдістерін салыстыруды меңгеріп сабақ барысында пайдалана білу.

меңгеру:

- күй аңыздары мен атауларының мәдени маңызын талдауды меңгеру;
- дәстүрлі орындаушылық мектептердің ерекшеліктерін, олардың тарихы мен әсерін зерттей білу қабілетін игеру;
- дәстүрлі орындаушылық мектептердің ерекшеліктерін, олардың тарихы мен әсерін зерттеуді меңгеру.

6 Бөлім. Оқу барысын ұйымдастыру

Курс ұзақтығы: 80 сағат.

Тыңдаушылар категориясы: ТЖКБ оқытушылары мен мәдениет және өнер бағытындағы білім беру мекемелері мұғалімдері мен ЖОО оқытушылары.

Оқыту түрі: қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы күндізгі оқу.

Білімін бақылау: Сынақ.

Білімді бақылау практикалық сабақтарда жүзеге асырылады. Өзіндік жұмыс ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің қысқаша мазмұны түрінде беріледі.

Курстың 1 академиялық сағаты – 45 минут.

7 Бөлім. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

	Модуль мен тақырып атауы	Барлық сағат	Соның ішінде		
			Дәрістер/ Практикалық	ТООЖ	ТӨЖ
1.	Модуль 1: Қазақ күй мәдениеті туралы қысқаша түсінік	9	3		3
1.1	Күй жанры және осы тақырыптағы ғалымдардың зерттеулері; күйдің пайда болу тарихы.				
1.2	Қазақтың аспаптық музыкасы; «күй», «домбыра» сөздерінің этимологиясы. Домбыра аспабы мен домбыра күйінің генезисі				
2	Қазақтың музыка мәдениетінде қалыптасқан дәстүрлі теориялық ұғымдар.	11	5		3
2.1	Музыкалық терминология мәселелері; Пернелер атаулары; Перне байлаудың тиімді тәсілдері; Тартыс түрлері.				
2.2	Сол қол позицияларының атаулары; Ішекті тербеудің түрлері; Қоңыр және алқоңыр күйлер; Күйдің екі түрлі композициялық құрылымы. Күйдің ішкі құрылысына байланысты терминологияға түсініктеме беру.				
3	Домбыра орындаушылық өнердегі оң қол қағыстарының дәстүрлі атаулары	13	3	2	6

3.1	Халықтық терминологияға, соның ішінде оң қол қағыстары атауларына қатысты ғылыми-зерттеушілік еңбектер				
3.2	«Қара қағыс» және одан шығатын орындаушылық қағыстардың түрлері				
4	Домбыра өнеріндегі сол қол саусақ кестесінің аймақаралық ерекшеліктері	14	3		6
4.1	Саусақтардың байырғы атаулары				
4.2	Сол қол саусақ кестесінің аймақтық ерекшеліктерді сақтап үйретудің тиімді жолдары				
5	Күй аңыздарын және күй атауларын талдау тәжірибесі	9	5	2	8
5.1	Қазақ зерттеушілігінде орын алған тұтастай идеологияланған талдау методикасы жайында				
5.2	Қазіргі кезде күй сырын (аңызы мен атауын) талдаудың тиімді жолы				
6	Қазақ даласындағы дәстүрлі орындаушылық мектептер	13	8	2	8
6.1	А.Жұбанов бойынша дәстүрлі орындаушылық мектептер ерекшеліктері				
6.2	Кейінгі кезде қалыптасқан дәстүрлі мектептердің орындаушылық ерекшеліктері				
7	Берілген материалды игеру жолындағы оқытушылардың өзіндік ізденістері мен практикасы	11	5	2	6
7.1	Ағымдағы сынаққа және бақылау тестілеу сұрақтарына дайындық				
	Барлығы:	80	32	8	40

8 Бөлім. Оқыту нәтижелерін бағалау

Бағдарлама бойынша қорытынды аттестаттау өзіндік жұмысты ағымдағы сынақ және курс соңында Бағдарламаның негізгі тармақтары бойынша тестілеу түрінде жүзеге асырылады.

Өзіндік жұмыс кезінде қатысушылар домбыра күйінің бір буынын немесе тұтас күйді орындаушылық талдауды қамтитын жеке тапсырманы орындайды (таңдау бойынша кез-келген күй).

Өзіндік жұмысты бағалау критерийлері:

- 1) орындалмаған – 0 балл;
- 2) ішінара орындалды – 1 балл,
- 3) толық орындалды – 2 балл.

Оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктерін меңгеру деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер қолданылады:

- 1) оқытылатын модуль бойынша оқу материалының мазмұнын меңгеру;
- 2) алған білімдерін оқытуда және орындауда қолдану;
- 3) концерттік орындаушылық шеберлікті меңгеру;

Студенттердің өзіндік жұмысты орындау білімін бағалау ұпайларды он балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы»: 9-10 балл (85-100%);
- 2) «Жақсы»: 7-8 ұпай (75-84%);
- 3) «Қанағаттанарлық»: 5-6 балл (50-74%).

9 Бөлім. Курстан кейінгі қолдау

1) Курстан кейінгі қолдау жүйесінде бірінші кезеңде біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыратын профессорлық-оқытушылық құрам мен біліктілікті арттыру курсына қатысушылардың өзара әрекеттесуінде әртүрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.).

2) Оқытушылар өзара тәжірибе алмасып, бірігіп қызмет жасауды, соның ішінде Интернетте бар сәтті, озық үлгідегі тәжірибелерді, бейне-оқулықтар мен түрлі материалдарды, ғылыми-әдістемелік басылымдар каталогы және т.б. зерттейді.

3) Курстан кейінгі қолдау біліктілікті арттыру бағдарламасының мазмұнын меңгерген оқытушыларға семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер, сондай-ақ кәсіби байқауларға, фестивальдерге, концерттік шараларға қатысу арқылы материалды меңгеруді жалғастыруға мүмкіндік береді.

№	Іс-шара атауы	Форма	Іске асыру тәсілдері
1	Колледждер мен жоғары оқу орындарының домбыра бөлімдерінде базалық пәндерді оқытудың әдістемелік ерекшеліктері.	Вебинарлар	Әлеуметтік желілер: Zoom, whatshapp, Youtube, facebook, др.
2	Өнер тарихы бойынша дәрістер.	Бейнесабак	Әлеуметтік желіде:

	Заманымыздың көрнекті музыканттарының шеберлік сабақтары	тар, ашық сабақ, шеберлік-сыныптар.	Youtube, Facebook және т.б.
3	Қазақстанда өтетін халықаралық және республикалық конкурстар	Оқушы дайындап қатысу	Республика қалаларының залдары

10 Бөлім. Әдебиеттер тізімі:

1. Аманов Б. Мухамбетова А. Традиционная музыка в культуре XX века //Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 544 с.
2. Аравин П. Степные созвездия. Очерк и этюды о казахской музыке. – Алма-Ата, 1978. – 184 б.
3. Аравин П. Даулеткерей и казахская музыка XIX века. – М: Советский композитор, 1984. – 152 б.
4. Ахмедияров Қ. Дина Нұрпейісова. Әсем қоңыр. Алматы: 1991. – 120 б.
5. Ахмедияров Қ. Дәулеткерей. Жігер. Алматы: 1995. – 96 б.
6. Бекенов У. Күй табиғаты. Алматы: Өнер, 1981.
7. Ғизатов Б., Л.Хамиди «Домбыра үйрену мектебі» А. 1983. – 153 б.
8. Дүйсен О. Домбыра мамандығына арналған академиялық бағдарлама. – Астана, 2008.
9. Дүйсен О. С.Бүркіт «Дайындық курстың домбыра класына арналған программа» А. 1990.
10. Дүйсен О. Қазақтың халық күйлері. – А.,1996.
11. Есенұлы (Тоқтаған) А. Күй –Тәңірдің күбірі. – Алматы: Дайк-пресс, 1996. – 208 б.
12. Есенұлы А. (Тоқтаған), Елеусізқызы Г. Күй қастерлі әуез. – Алматы: Өлке, 1998. – 216 б.
13. Есенұлы А. Елеусізқызы Г. Күй керуені. Алматы: Өлке, 1997. – 160 б.
14. Жайымов А., Бүркіт С., Ысқақов Б. «Домбыра үйрену мектебі» А. 1992. – 240 б.
15. Жаңбыршы А. Нарату. Алматы: 2005. – 260 б.
16. Жүзбай Ж. Шертпе күйлің төрт мектебі. Астана: 2009. – 116 б.
17. Жүсіпов Б. Жиделі Байсын күйлері. Алматы: 2000. – 288 б.
18. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. – Алматы: Жазушы. 1975. – 400 б.
19. Жұбанов А. Ән-күй сапары. – Алматы: Ғылым. 1976. – 479 б.
20. Жұбанов А. Өскен өнер. – Алматы: Ғылым, 1985. – 244 б.
21. Жұбанов А. Құрманғазы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. – 188 б.
22. Мерғалиев Т., Бүркіт С., Дүйсен О. Қазақ күйлерінің тарихы. – Алматы, 2000. – 412 б.

23. Қазақтың музыкалық фольклоры \ \ Қаз ССР ҒА-ң хабаршысы. – А., 1982.
24. Мұхитов Қ., Мерғалиев Т., Бүркітов С., Дүйсен О. Домбыра өнерін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – А., 1998. – 116 б.
25. Райымбергенов А. Қазанғап. Ақжелең. – Алматы: Өнер, 1984. – 104 б.
26. Райымбергенов А., Аманова С. Күй қайнары. – Алматы. 1990. – 288 б.
27. Раимбергенов А. Проблемы текстологической вариантности кюев // Инструментальная музыка казахского народа. – Алма-Ата: Өнер, 1985. – С.63-93.
28. Сарыбаев «народные инструменты» А., 1978.
29. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. – Астана: Күлтегін, 2002 – 832 б.
30. Тастанов Х. Домбырадан сабақ беру методы. Алматы, 1970. – 75 б.
31. Тарақты А. Күй шежіре. Алматы: КРАМДС-Яссауи. 1992. – 488 б.
32. Тәттімбет. Саржайлау \Құр. Е. Үсенов. – А., 1998.
33. Тоқтаған А. «О циклических формах в традиционной казахской инструментальной музыке (на примере домбрового кюя «Байжума»)» // Вестник культуры и искусств. – Челябинск: 2017, 2(50). – С.146-151.
34. Тоқтаған А. Атыраудың 62 Ақжелеңі, Алматы: Өлке, 1998. – 160 б.
35. Тоқтаған А., Ұлтарыхова Г., Әбуғазы М. Сүгір «Қаратау шертпесі». – Алматы: 2006.
36. Тоқтаған А., Әбуғазы М. Құрманғазы күйлері. Алматы, 2005. – 216 б.
37. Тоқтаған А., Әбуғазы М. Тәттімбет және Арқа күйлері, 2005. – 184 б.
38. Тоқтаған А.Е., Тоқтаған А.А. Сейтек . Заман-ай. – Астана: 2018. – 180 б.
39. Тоқтаған А.Е., Тоқтаған А.А. Дина. Тарту-Сәлемдеме. Астана: 2011. – 172 б.
40. Тоқтаған А. «Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі әйелдер орны» // Магистрлік диссертация. – Астана, ҚазҰӨУ, 2012. – 80 б.
41. Тоқтаған А. Дина Нұрпейісованың «Бұлбұл» күйі құстың сайрауы ма, әлде мұңды қыздың әні ме? // Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Хабаршысы». Мәдениеттану сериясы. – Алматы, 2016. – 2/2(56). – 148-159 бб.
42. Тоқтаған А. Дина Нұрпейісованың «Бұлбұл» күйі құстың сайрауы ма, әлде мұңды қыздың әні ме? // Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Хабаршысы». Мәдениеттану сериясы. – Алматы, 2016. – 2/2(56). – 148-159 бб.
43. Харесов С. М. Өскенбаев \күйлер жинағы\ - А., 1995.
44. Шегебаев П. Аппликатурно-интонационная основа домбровых кюев-токпе // Музыкальное искусство: образование и наука. Вып 2. Астана, 2006. – С.25-43.
45. Шегебаев П. Некоторые принципы ладообразования в домбровой музыке Западного Казахстана // Казахская музыка: традиции и современность. Алма-Ата, 1992. – С.161-173.